

"2016 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 5 ақпандағы №327 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 644 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 02 желтоқсанда № 5656 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9987 нөмірімен тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 7 қарашадағы № 3-2-10/26618 хатына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2016 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 327 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5347 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 13 ақпанда "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" облыстық газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулының кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9987 нөмірімен тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 3-2-10/432 хатына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

аталған қаулымен бекітілген субсидиялау бағыттары бойынша өлшемдер мен талаптар осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

аталған қаулымен бекітілген субсидиялау бағыттары бойынша нормативтер, сондай-ақ, субсидиялар көлемдері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ.Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы 24 қарашадағы № 644
қаулысына
1-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы 5 ақпандағы №327
қаулысымен
бекітілген

Субсидиялау бағыттары бойынша өлшемдер мен талаптар

№	Субсидиялау бағыты	Өлшемдер мен талаптар
1	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналығын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	меншік немесе ұзақ мерзімді (бес жылдан кем емес) жалға алу немесе лизинг құқығында материалдық-техникалық базаға иелік етуі штатында тиісті мамандықтар бойынша қызметкерлерінің болуы міндетті
2	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде қой малының аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	меншік немесе ұзақ мерзімді (бес жылдан кем емес) жалға алу немесе лизинг құқығында материалдық-техникалық базаға иелік етуі штатында тиісті мамандықтар бойынша қызметкерлерінің болуы міндетті
3	Ірі, шырынды, құрама жем-шөп пен жем-шөп қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату	
	ет бағытындағы мүйізді ірі қара малы	ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі сиыр мен қашарлардың (2 жастан ересек) аналығы 50 бастан кем емес болуы; ірі қара малды күтіп-бағуға арналған қоралар, науалар, сумен жабдықтау, жем-шөп дайындау техникасының болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу
	сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының аналығы, 1-деңгей	ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі сиыр мен қашарлардың (2 жастан ересек) аналығы 400 бастан, орташа жылдық сауын сиыр 350 бастан, бір сиырдан орташа сауылым 4500 килограмнан кем емес болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және

	ақпараттық талдау жүйесінде тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу
сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының қашары, 1 - деңгей	ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі сиыр мен қашарлардың (2 жастан ересек) аналығы 400 бастан кем емес болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және ақпараттық талдау жүйесінде тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу
сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малы	ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі сиыр мен қашарлардың (2 жастан ересек) аналығы 50-ден 400 баска дейін, бір сиырдан орташа жылдық сауылым 2500 килограмнан кем емес болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу
қойлар	ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі қойдың аналық мал басы 300-ден кем емес болуы; қойды күтіп-бағуға арналған үй-жайлардың болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу
жылқылар	ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі жылқының аналығы 75 бастан кем емес болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу
түйелер	ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі түйенің аналығы 75 бастан кем емес болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу

Субсидиялау бағыттары бойынша нормативтер, сондай-ақ, субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыттары	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	
			бас, тонна	мың теңге
Мал шаруашылығы				
1.	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	4000	12525	50100
Етті бағыттағы мал шаруашылығы				
1. Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу				
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басы	18000	36776	661968
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	20000	1373	27460
2. Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу				
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	154000	1061	163394
3. Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату				
1)	1- деңгей	300	250	75000
2)	3-деңгей	100	504	50400
4.	Бұқашықтарды бірінші өндіріс деңгейдегі бордақылау алаңдарына өткізу	24000	200	4800
5.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	32661	18277	596946
Сүтті бағыттағы мал шаруашылығы				
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	20000	1529	30580
2)	жалпы табындарда сүтті және қос бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп бағу	104000	20	2080
2. Сүт өндірісінің құнын арзандату				
1)	1- деңгей	37	4394,6	162601
2)	3-деңгей	15	40,3	604
3. Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату				
1)	Сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малының аналығы, 1-деңгей	330786	979	323839
2)	Сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малының қашары, 1-деңгей	251692	468	117792

3)	сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малы	67970	430	29227
Қой шаруашылығы				
1.	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде қой малының аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	1000	18354	18354
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған қойлардың аналық басы	1500	35161	52741
2)	шаруашылықтардағы асыл тұқымды қойлардың аналық басы	1500	22000	33000
3.	Асыл тұқымды еркек тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	8000	5690	45520
4.	Қой еті (козы еті) өндірісінің құнын арзандату:			
1)	1-деңгей	200	158	31600
2)	2-деңгей	100	22	2200
5.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	2308,6	68382	157867
Жылқы шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	40000	442	17680
2.	Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату	92	58	5336
3.	Қымыз өндірісінің құнын арзандату	60	10	600
4.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	9530	3802	36233
Түйе шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды түйелер сатып алу	37000	25	925
2.	Түйе еті өндірісінің құнын арзандату	90	36	3240
3.	Шұбат (биошұбат және жақсартылған шұбат) өндірісінің құнын арзандату	55	50	2750
4.	Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату	5855	682	3993
Облыс бойынша барлығы		x	x	2708830